

**ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ**

Қорытынды эссе-емтихан бойынша нұсқалық

Мәдени мұра және әлем мәдениетінің ескерткіштері

Жұмыс оқу жоспары бойынша пәннің коды: KNPMK 3222
3 (күзгі) семестр 2021-2022 оқу жылы – Мәдениеттану

Дәріскер	Философия ғылымдарының докторы, мәдениеттану профессоры Ғабитов Тұрсын Хафизұлы	Офис сағаттар	Кесте бойынша
e-mail	E-mail: tursungabitov@mail.ru		
Телефон	Телефон: 8 708 110 2965	Аудитория	403

Алматы, 2021

Кіріспе

Қорытынды емтиханға шығарылатын оқу тақырыптары силлабусқа сәйкес келтіріледі және дәріс, семинар мен өзіндік жұмыс тақырыптарын қамтиды. Қажеті бар жағдайда аталған нысандарды қарауға болады. Қорытынды емтихан Қазақстандағы мәдени мұра мен ескерткіштер туралы эссе түрінде қабылданады. Эссенің орындалатын тақырыптары «Универ» жүйесіне алдын ала жүктеледі. Емтиханның мақсаты: бакалавриатта алған білімдерін, дағдыларын толықтыру мақсатында және бакалавриат бағдарламасында нақты білімдерін нақтылау үшін арналған бағдарлама болып табылады. Бағдарлама студенттерге негізгі фундаментальді оқу жоспарына және мәдениеттанудың типтік бағдарламасына сәйкес келеді.

Эссенің құрылымы: кіріспе, теориялық баяндама, тарихи мысалдар, өзіндік тәжірибе. Студент тақырыпқа байланысты қосымша материалдарды жүктей алады. Жазбаша жауап пен қосымша материалдар антиплагиатпен тексеріледі.

Эсеге ұсынылатын тақырыптар мен қосымша материалдар тізімі

- Ұлы Жібек жолы аралындағы Тараздың мәдени ескерткіштеріне суреттеме беріңіз
- ХІХ. - ХХ ғғ. қазақ поэзиясы мен музыка өнерінің белгілі қайраткерлері, әдебиет майталмандары мен саяси қайраткерлердің мұрасы.(Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Ақан сері, т.б; әдебиет майталмандары мен саяси қайраткерлер.(Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев т.б.). Суреттеме беріңіз
- Қазақстандағы «Алтын Адамдар». Компаративистикалық сипаттама беріңіз
- Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени артефактыларға компаративистикалық сипаттама беріңіз
- Маңқыстаудың мәдени ескерткіштеріне суреттеме беріңіз

- Қорқыт Ата ескерткішіне суреттеме беріңіз
- Петроглифтерді мәдени мұра ретінде суреттеңіз
- Арғықазақ «Аң стиліндегі» артефактыларға компаративистикалық сипаттама беріңіз
- Жошы хан кесенесіне компаративистикалық сипаттама беріңіз
- Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне компаративистикалық сипаттама беріңіз

Эссе орындаудағы басты талаптар:

- Эссе шығармашыл сипатта көркемдік элементтері бар жатық тілмен орындалуы қажет.
- Эссенің мазмұны тек теориялық мәселерді емес, еліміздегі мәдени туризмді өркендетуге қатысты болуы керек.
- Әрбір студент эссені жеке оқшауланған жағдайда орындап, университеттің «Қашықтан оқыту» жүйесіне жүктеуі міндет
- Эссенің анықталған және бекітілген тақырыптары емтиханның алдында «Қашықтан оқыту» жүйесі арқылы жүктеледі.

Емтиханның негізгі міндеттері:

- болашақ студенттерді адамзат баласының мәдени жетістіктерін игеруге, мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының әмбебаптық заңдылықтары мен негізгі түрлерін меңгеруге және әлемдік мәдениеттің інжу-маржанын өз беттерімен түсініп-білуге, кәсіби деңгейлерін одан әрі арттыруға бағдарлау болып табылады;

- мәдени мәтінге, мәдениетке байланысты қызығушылықтарын және дағдыларын анықтау, философиялық мәдениетке кіретін фундаментальді категориялармен ұғымдардың жауабын қарастыру, мәдениет концепиясын білу, шетелдік ойшылдардың мәдениет байланысты қорытындыларын болашақ магистранттардың қызығушылықтарын тудыру.

- мәдениеттанудың орнын, оның объектісі мен спецификасын, неғұрлым өзекті проблемаларды айқындауға, мәдениет феноменін, оның адамның өмірлік іс-әрекетіндегі рөлін түсіндіре білуге, мәдениеттің базистік құндылықтарын қабылдау, сақтау, болашақ ұрпаққа бере білу жолдарын игеруге, мәдениет формалары мен типтерін, дамуы заңдылықтарын, негізгі мәдени-тарихи региондарды білу, отандық мәдениет тарихын, оның әлемдік мәдениет пен өркениет жүйесіндегі орнын білуге, әртүрлі мәдениеттердің көптүрлілігі және өзіндік құндылықтығы туралы түсінік алуға, қазіргі қоғамның мәдени ортасында бағдар ала білуге, ұлттық және мәдени мұраның сақталуы және артуы жөнінде қамқор бола білуге, тұлғаның қалыптасу жағдайлары, оның бостандығы және тұлғаның өмірді сақтау, қоршаған табиғи ортаның мәдениеті үшін жауапкершілігі туралы түсініктің болуға, қоғамдағы адамдар арасындағы қатынастарын реттеудің адамшылық нормаларын білуге, интелектіні дамыту және таным көкжиегін кеңейту, шығармашылық қызметке, үздіксіз білімін көтеру қажеттілігіне қызығушылықтарын білуге тиісті.

**«Эссе» форматындағы емтихан тақырыптарының жалпы бағдарлаушы тізімі
(Дәріс, семинар сабақтары және СӨЖ)**

1. Мәдени мұра және мәдени ескерткіштер пәні, оның қоғамда алатын орны Тарихи ескерткіштердің мәдени маңызы
2. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі мәдени мұра түрлері. Қауымдық құрылыс кезіндегі қоныстар және материалдық мәдениет ескерткіштері.
3. Мәдениет мұра: рәміздер, мәндер, таңбалар мен мағыналар ретінде. Тарихи-мәдени ескерткіштердің тарихи тұрғыда қалыптасуы
4. Ежелгі Мысыр (Египет) өркениетінің мәдени ескерткіштері Мәдени ескерткіштердің формалары, құрылымы, парадигмалары, мәдени сценарийлер. Әлемдік мәдени ескерткіштерге компаративистикалық талдау
5. Көне замандағы тарихи-мәдени ескерткіштер Шумер-Вавилон өркениетінің мәдени мұрасы Көне Үнді өркениетінің мәдени мұрасы
6. Көшпелі мәдениет мұрасы Көне қала жұрты мен оның маңындағы археологиялық

зерттеулер Ежелгі Қытай елінің мәдени мұрасы Қазақстандағы архитектуралық ескерткіштердің ерекшеліктері

7. Ежелгі Грекияның мәдени мұрасы Түркілік мәдениет мұрасы және оның әлемдік мәдениеттегі орны: Мәдени тарихи ескерткіштер бойынша археологиялық зерттеу жұмыстарының жүргізілуі Ежелгі Рим мәдени ескерткіштері

8.Түркілердің мәдени мұрасының еуропалық және ислам әлемдеріне ықпалы Қазіргі кездегі Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштерге сипаттама

9. Ортағасырлық Батыс Еуропа дәуірінің мәдени мұрасы. Қайта өрлеу дәуірінің мәдени мұрасы.

10.Тарихи ескерткіштерді қорғаудағы «Мәдени мұра» бағдарламасының маңызы Жаңа Заман және Реформация кезеңі мәдени мұрасы

11. Қазақ мәдениетінің мұрасы мен ескерткіштері. Қазақстанның ортағасырлардағы мәдени мұрасы. XX ғасыр мәдениеті мұрасы

12.Қазақстанда туризмді дамуытудағы тарихи-мәдени ескерткіштердің рөлі Қазақ даласындағы тарихи-мәдени ескерткіштерді антропологиялық зерделеу Дәстүрлі қазақ мәдениеті мұрасы.

13. Қазіргі Қазақстанның мәдени мұрасы мен ескерткіштері. Түрік өркениеті және оның ерекшеліктері. Көне түріктердің космогониясы мифологиясы.Көнетүріктік руникалық жазулар. «Орхон-Енисейң ескерткіштері.

14. Ортағасырлық қалалық мәдениеттің негізгі сипаттары.Қазақстандағы орта ғасыр мәдениеті. Қазақ хандығының құрылуы – ұлттық мәдениет қалыптасуының негізі. Жыраулар, ақындар, күйшілер , шешендер шығармашылықтары, қол өнері, ою-өрнек рәміздерінің ерекшеліктері.

15.Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруі, ұлттық төл мәдениет саласындағы дағдарыс және оның ақындар поэзиясындағы көрінісі. Кеңестік Қазақстан мәдениеті. Өнердің, білім мен ғылымның Қазақстандағы дамуы. Көрнекті өкілдері.

16.Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» бағдарламасы. Рухани жаңғыру Қазақстанның мәдени саясаты. .«Мәдени мұра» бағдарламасы. Рухани жаңғыру. «Ұлы Даланың жеті қыры».

Бағалану өлшемдері:

Баға	Өлшемдер
Үздік	1. Барлық теориялық сұрақтарға толық және дұрыс жауап берілген; 2. Практикалық тапсырма толық шешілген; 3. Материал сауатты және қисынды әрі дәйекті баяндалған; 4. Шығармашыл қабілеттілік байқалады.
Жақсы	1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс бірақ толық емес жауап берілген, мәнді емес олқылықтар бар; 2. Практикалық тапсырма толық шешілген, бірақ мәнді емес олқылықтар бар; 3. Материал сауатты және қисынды әрі дәйекті баяндалған;
Қанағаттандырылдық	1. Барлық теориялық сұрақтарға негізінен дұрыс бірақ толық емес жауап берілген, айтарлықтай олқылықтар бар; 2. Практикалық тапсырма толық шешілмеген, мәнді

	емес олқылықтар бар; 3. Материал сауатты, бірақ қисынсыздық пен дәйексіздік бар;
Қанағаттандырылдық емес	1. Практикалық тапсырма шешілмеген; 3 Материал сауатсыз, қисынсыз әрі дәйексіз баяндалған;

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Оқу әдебиеттері :

1. Қазақстан руханияты мен мәдени ескерткіштерінің энциклопедиясы. Авторлар ұжымы. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 298 б. 10-15 тақырыптар (7-297 бб.)
2. Джанабаева Г.Д. Памятники мирового культурного наследия. - Алматы, 2015.- 315 б. 1-9 тақырыптар (5-214 бб.)
3. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің тарихы: Мультимедиялық оқулық.
<https://sell.epigraph.kz/ru/accounts/login/>
4. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің тарихы: Оқулық (ҚР БҒМ РОӘК). – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 343 с. 10-15 тақырыптар: 1 – 4 модульдер. (3-300 беттер)
5. История стран и народов мира. Краткая художественная энциклопедия, т.1-5. - М. 2011.
6. Дәстүрлі және заманауи қазақ мәдениеті. Хрестоматия (Электрондық кітап). Авторлар ұжымы. Традиционная современная культура Казахстана. Коллектив авторов. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.
7. Жаһандану және Қазақстанның заманауи мәдениеті: ұжымдық монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. –334 б. ISBN 978-601-04
8. Gabitov Tursun. Kazakh culture challenges . - Almaty: Evero, 2018. - 234 p.
9. Жолдубаева А.К. Мәдени антропология: негізгі мектептер және бағыттар. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 160 б.

Интернет-ресурстар:

1. Аудиториядан тыс дайындық үшін қажетті қосымша материал: univer.kaznu.kz. сайтында УМҚД тарауында онлайн қолжетімді.
<http://www.vitrina.ru>.
2. <http://www.countries.ru>
3. <http://www.gumer.info>
- 4 <http://yspu.org>
5. <http://www.humans.ru/> Международный центр современных культуртехнологий
- 6 <http://www.pro-mart.pro/> Рекламное агентство ProMart International
<http://www.countries.ru>
<http://www.gumer.info>
<http://www.russianculture.ru/>
<http://yspu.org>

Философия және саясаттану
факультетінің деканы м.а.
ФЖСФ Ғылыми кеңесі
25.06. 2021, хаттама № 13

Омирбекова А.О.

Әдіст. бюро төрайымы

Кабакова М.П.

17.06.2021, хаттама №11

Кафедра меңг., хаттама № 41
15.06.21

Қурманалиева А.Д.

Дәріскер

Ғабитов Т.Х.

Факультеттің Ғылыми кеңесі, 03.09.2021, Хаттама № 1

Декан

Факультет әдістемелік бюро төрайымы

Хаттама № 1. 02.09..2021

Дінтану және мәдениеттану

кафедрасының меңгерушісі

Хаттама № 1. 01.09.2021

Дәріскер

Б.Б. Мейрбаев

А.М. Кудайбергенова

А.Д. Құрманалиева

Т.Х. Ғабитов